

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ СЕНАТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС
ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ
КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 24 сәуір

Отырысты комитет төрағасы М.А. ҚҰЛ-МҰХАММЕД жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер, құрметті сенаторлар, отырысқа шақырылған лауазым иелері! Күн тәртібі алдарыңызда бар. Қарсы болмасаңыздар, күн тәртібін бекітіп, жұмысқа кіріссек.

ОРНЫНАН. Қарсылық жоқ.

ТӨРАҒА. Бірінші мәселе «Каспий теңізінде тосын оқиғаларды болғызбау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Бақыт Жанұзақұлы Құрманбаевқа беріледі.

Сіз жаңа қызметке тағайындалдыңыз ба?

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Дәл солай.

ТӨРАҒА. Жаңа қызметке тағайындалуыңызбен Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетің атынан шын жүректен құттықтаймыз! Сіз біздің туған министрліксіз. Осында үш бірдей генерал қызмет істейді, сондықтан жиі келіп, генерал ағаларыңызға сәлем беріп отырасыз.

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Құрметті төраға, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Каспий теңізінде тосын оқиғаларды болғызбау туралы келісімді ратификациялау жөніндегі заң жобасы ұсынылады.

Келісімге 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында қол қойылды.

Келісімнің мақсаты Каспий теңізіндегі Каспий маңы мемлекеттерінің аумақтық суларынан тыс әскери корабльдердің жүзуі мен оның үстіндегі әуе кеңістігінде әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Келісімнің ережелеріне сәйкес әр тараптың әскери корабльдері мен әуе кемелері басқа тараптың әскери корабльдері мен әуе кемелеріне жақындаған кезде қауіпсіз арақашықтықта болуы және барынша сақтық танытуы қажет.

Бұдан басқа әскери корабльдер мен әуе кемелері бір-біріне жақындаған кезде қауіп төндіретін, жеке құрамның денсаулығына зиян келтіретін немесе теңізде жүзу мен ұшуларға кедергі келтіретін шабуылдарды имитациялауға, қандай да бір заттарды тастауға, прожекторларды немесе басқа да жарықтандыру құралдарын, лазерлерді пайдалануға тыйым салынады.

Келісім Каспий теңізінде әскери корабльдер мен әуе кемелерінің іс-қимылын реттейтін Каспий маңы мемлекеттері арасындағы алғашқы заңды құжат болып табылады.

Заңды қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді, сондай-ақ кері әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Жоғарыда мазмұндалғанның негізінде қарауларыңызға ұсынылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Баяндамаңызға рақмет, қысқа да нұсқа. Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Бұл кеңейтілген отырыс болғаннан кейін мұнда басқа комитеттерден де депутаттарды шақырғанбыз, олардан сұрақтар күткенбіз, бірақ ешкімнен бұл мәселе бойынша қосымша сұрақтар келіп түскен жоқ.

Басқа сұрақ болмаса, қосымша баяндама жасау үшін сөз Джақсыбеков Серік Рыскелдіұлына береміз.

ДЖАҚСЫБЕКОВ С.Р. Құрметті әріптестер! Бүгінгі қаралып отырған келісім Каспий маңы мемлекеттерінің арасындағы достық қарым-қатынасты арттыруға мүмкіндік береді, ең алдымен әскери корабльдері мен әуе кемелері арасында іске асады.

Қауіпсіздік мәселесін Каспий теңізінің құқықтық режимінің маңызды элементтерінің біріне жатқызуға болады. Сондықтан бұл заң жобасы Каспий маңындағы мемлекеттердің өзара ... негізгі қағидаттарын жүзеге асыруға бағытталады.

Біз жұмыс тобында заң жобасын жан-жақты талқыладық. Сенаттың тұрақты комитеттерінен оң қорытындылар келіп түсті. Сондықтан заң жобасын қолдап, Сенат отырысына шығаруды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серік Рыскелдіұлы.

Шындығында бұл бізге өте қажет заң. Каспийге байланысты біз бірінші рет қарап отырған жоқпыз. Елбасымыздың үлкен еңбегінің арқасында Каспий теңізінің статусы анықталды. Оған Каспийдегі бес мемлекеттің басшылары қол қойды. Сондықтан Каспий теңізіндегі әрбір кемелің қозғалысының қандай мақсатта екендігі тиісті заңдармен осындай рәсімделіп отыру керек. Бұл мәселені мен де қолдаймын. Егер қарсы болмасаңыздар, бұл заң жобасын қолдап, Сенат отырысының қарауына шығару туралы шешімді сіздердің назарларыңызға ұсынамын. Қарсы емессіздер ме?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда шешім қабылданды дейік. Ал енді заң жобасы бойынша біз комитеттің атынан қолдау көрсететін өзіміздің дәстүріміз бар. Осы жағынан келгенде, енді заң саласының шебері ғой, Қайрат Пернешұлына

тапсырайық Сенат отырысында сөйлеу үшін. Оған да дайын отыруымыз керек.

Бірінші мәселе осымен аяқталды.

Екінші мәселе. «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 2013 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы өнімнің болуын және нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы.

Бұл заң бойынша баяндама жасау үшін сөзді тағы да Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Құрманбаев Бақыт Жанұзақұлына береміз.

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Құрметті төраға, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 2013 жылғы

24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы өнімнің болуын және нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы келісімді ратификациялауды көздейтін Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Келісімге 2017 жылғы 29 қарашада Мәскеу қаласында қол қойылды.

Келісімнің ережелеріне сәйкес әскери мақсаттағы өнім беруші тарап әскери өнімдерді бақылауды мынадай мақсаттарда жүзеге асыруға құқылы:

- 1) өнімдердің болуы мен мақсатты пайдаланылуын тексеру;
- 2) қарулы күштерде, басқа да әскерлер, әскери құралымдарда, құқық қорғау органдары мен арнаулы органдарда олардың мақсатты пайдаланылуын растайтын қажетті құжаттаманы салыстырып тексеру;
- 3) берілген өнімді есептен шығарудың негіздемесін тексеру.

Осындай бақылаулар тараптардың уәкілетті органдарының сұраулары негізінде жүзеге асырылады. Сұрауларда беруші тарап бақылауға жататын әскери мақсаттағы өнімді, бақылауды жүргізу мерзімдерін, сондай-ақ бақылау барысында қолданылатын техникалық құралдарды көрсетеді.

Бұл ретте уәкілетті орган осы мақсаттар үшін құрылған тиісті бақылау тобын қабылдаудан бас тарта алмайды.

Келісімді ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді, кейін заңнаманы сәйкестілікке келтіруді қажет етпейді.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма, құрметті әріптестер? Бәрі түсінікті ғой? Жақсы.

Менде бір ғана сұрақ бар. Орыс тілінде де жауап беруіңізге болады.

Біз жақында Тәжікстанмен тура осындай мәселеге байланысты бір заң жобасын қарадық. Онда бәрі қарапайым, түсінікті болатын. Мысалы, осы соғлашенині мен қарап отырсам (сізге түсініктірек болу үшін, кішкене орысша айтайын, жауабыңызды да орысша бере беруіңізге болады).

Здесь предусматривается очень серьезный контроль с поставляющей стороны, вплоть до формирования группы контроля из представителей Министерства иностранных дел, вашего министерства и других структур, когда по Таджикистану ограничивалось запросом по выдаче сертификата. В чем состоит разница? Соны түсіндіріп айтыңызшы. Ертең Сенаттың жалпы отырысында осындай сұрақтар туындап қалуы мүмкін. Соған дайын болыңыздар.

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Во-первых, начиная с 2011 года Российская Федерация поставляет нам в рамках старого и нового Договора о военно-техническом сотрудничестве, который был принят в 2017 году, вооружение и военную технику по себестоимости как для собственных Вооруженных сил.

В Договоре о военно-техническом сотрудничестве прописано, что сторона, которая принимает это вооружение, обязуется не передавать третьим странам даже после его списания.

В этой связи российская сторона вышла с предложением о том, что необходимо установить данный контроль, чтобы точно знать, что это не ушло в третьи страны. Вы сами понимаете, например, мы покупаем СУ-30 в той же комплектации, как и Российская Федерация, где устанавливаются секретные запросы.

Также устанавливаются прицельные навигационные комплексы, устанавливающиеся для Российской Федерации. Мы у них приобретаем комплексы радиоэлектронной борьбы, где частоты, технические нюансы имеют закрытый гриф.

В этой связи Российская Федерация обратилась с предложением, что необходимо установить данный контроль, чтобы быть уверенной, что данная техника не уйдет в третьи страны. Таким же образом и мы можем осуществлять свои поставки. То есть при поставках в Россию полнокомплектных образцов техники и вооружения с нашей стороны, мы тоже можем осуществлять такой же контроль.

В настоящее время, к сожалению, мы поставляем только запасные части, и то в ограниченном количестве.

ТӨРАҒА. Одним словом, для соблюдения технологических и технических военных секретов создаются такие группы, даже когда они списываются. Так?

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Да.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

ДЖАҚСЫБЕКОВ С.Р. Менде де бір сұрақ бар. Мы говорим о поставках и контроле. Есть соглашение между Казахстаном и Российской Федерацией, где Россия взяла на себя обязательство о загрузке предприятий оборонной промышленности Казахстана производственными мощностями. Это не выполняется.

Я понимаю, что это сейчас не ваша зона ответственности, но мнение Министерства обороны хотел бы узнать: вы заинтересованы, чтобы в Казахстане производилась своя техника, свое вооружение, как вы к этому относитесь? Я не хотел поднимать этот вопрос, но Вы сказали, что мы поставляем только запасные части.

ТӨРАҒА. Тот же «Казахстан Парамант Инжиниринг».

ДЖАҚСЫБЕКОВ С.Р. Да, это хорошие заводы. Мы там были в этом году, они явно не загружены, производственные мощности не осваиваются. Россия обязалась. Какое ваше отношение к этому?

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Орыс тілінде айтуға рұқсат етіңіз?

ТӨРАҒА. Айта беріңіз.

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Я понял Ваш вопрос. Серик Рыскельдинович, по данному вопросу мы крайне заинтересованы, чтобы ремонтно-восстановительная база была на нашей территории. Вы сами понимаете, что технологическая база очень существенна, вооруженные конфликты в странах постсоветского пространства, на Ближнем Востоке показывают, что без этого фундамента ни одна страна не обойдется. То есть каждая страна должна осуществлять восстановительный ремонт в своей стране. Это обязательные условия, чтобы не ходить, не кланяться и не просить, чтобы мы обеспечили ремонт и восстановление основного вооружения у себя в стране.

Поэтому мы в свое время не дали разбазарить АО «Семей Инжиниринг». Также благодаря поддержке депутатов Парламента мы выдержали приватизационный натиск, оставили эти предприятия. На сегодняшний день они уже встают с колен, начинают получать запчасти. Министерство обороны за организацию ремонтного производства.

По организации производства современного вооружения. Мы все прекрасно понимаем, что организация производства современного вооружения на первоначальном этапе будет нам обходиться в копейку, так как основные запасные части будут поступать из-за рубежа.

В этой связи мы идем на некоторые послабления, чтобы наш оборонно-промышленный комплекс начал осваивать новые виды вооружения у нас. Это патронный завод, который строится под Карагандой, также акционерное общество «Аселсан Инжиниринг», которое проводит оптику.

Мы надеемся, что со временем данные предприятия освоят производство комплектующих изделий, и цена все-таки снизится.

Если сравнить цены нашего и импортного производств на сегодняшний день, то цена нашего выше. Это факт.

Есть такие производства, по которым мы сомневаемся. Это ремонт авиационной техники. Вы сами прекрасно понимаете, что освоение ремонта авиационной техники - это очень длительный процесс.

СӨЙЛЕУШІ. Мы не сомневаемся, нужно прямо говорить, что у нас нет такой возможности.

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. То есть это не 3-5 лет, эти заводы становятся десятилетиями. В этой связи мы также поставили вопрос перед Министерством цифрового развития, оборонной и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан: может быть, фронтную авиацию (высокотехнологичный вид авиации) ремонтировать все-таки на специализированных заводах либо Российской Федерации, либо Беларуси. Они имеют сертификаты, лицензии, допуски, которые гарантируют безопасность полетов.

ТӨРАҒА. Тағы да қандай сұрақтарыңыз бар?

ДЖАҚСЫБЕКОВ С.Р. Менде сұрақ емес, бір ұсыныс бар. Я по поручению Дариги Нурсултановны сейчас занимаюсь работой над Законом «О коммерциализации научной деятельности». Выясняются такие факты, что на территории Казахстана очень много научных разработок во всех направлениях, в том числе и в вопросах, касающихся обороны.

Есть группа ученых, которая на сегодняшний день создала инновационную формулу зажигательной смеси. Они вокруг вашего министерства ходят, никак не могут найти точку понимания.

Я не задаю вопроса, потому что если Вы даже на него ответите, то это будут общие фразы.

Мухтар Абраулы, я предлагаю в рекомендации включить вопрос, дать поручение Министерству обороны подготовить информацию, что делается именно в направлении коммерциализации научной деятельности в рамках Министерства обороны, затем их пригласить.

ТӨРАҒА. Поддерживаю.

ДЖАҚСЫБЕКОВ С.Р. Я полагаю, что если вы этим предметно займетесь, то очень много разработок найдете, на которые стоит обратить внимание.

ТӨРАҒА. Ерлан Жаксылыкович, прошу включить.

Пожалуйста, вопросы.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Менің сұрақтарым заң жобасына байланысты емес, бірақ білгім келеді. Өткен жолы Каспийде үлкен өрт болды. Сонда әскери теңізшілер көмекке келді ма? Төтенше жағдайлар комитетімен және жергілікті билікпен қарым-қатыстарыңыз қалай?

Екінші сұрақ. Ресейден басқа мемлекеттерден әскери теңіз флотына біз іскери техника аламыз ба?

ТӨРАҒА. Кто ответит?

ЖАНАЕВ М.И. Начальник Главного штаба военно-морских сил, капитан первого ранга Жанаев.

По вопросу взаимодействия между нашими военно-морскими силами. На данный момент взаимодействие только организовывается в рамках этого соглашения, также проводим совместные учения, мероприятия...

ОРНЫНАН. (МИКРОФОНҒА ЕМЕС).

ТӨРАҒА. Давайте определимся, кто отвечает?

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Мен жауап берейін.

На сегодняшний день взаимодействие осуществляется через Республиканский оперативный штаб под председательством Руководителя Администрации Президента, на котором рассматриваются все текущие вопросы по чрезвычайным ситуациям. В случае необходимости Республиканский оперативный штаб вырабатывает предложения и докладывает Главе государства. По решению Главы государства Вооруженные силы начинают оказывать любую помощь при чрезвычайных ситуациях.

Необходимо признать, что в настоящее время на Каспии у нас нет сил и средств по ликвидации чрезвычайных ситуаций, которые могут быть на нефтепромышленных предприятиях. В этой связи сейчас Комитет по чрезвычайным ситуациям организовывает различного вида учения по локализации таких ситуаций. В них периодически Вооруженные силы принимают участие. Мы все прекрасно знаем, что специального оборудования у Вооруженных сил для ликвидации таких ситуаций нет.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Если загорится военный корабль, как будут тушить?

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Если загорится военный корабль, у Пограничной службы есть многофункциональные суда, которые стоят в этом же порту, имеется дальнобойная пушка, которая может тушить. Также в самом порту имеются два таких многофункциональных суда, которые также могут тушить эти пожары.

ТӨРАҒА. Был конкретный вопрос по недавнему случаю. Было такое взаимодействие или нет?

ЖАНАЕВ М.И. По военно-морским силам могу добавить, что борьба за живучесть, спасение кораблей, поисково-спасательное обеспечение военно-морскими силами осуществляются собственными силами. Для этого назначены корабли, боевое дежурство, плюс корабли, которые дежурят на поисково-спасательном обеспечении с определенными степенями готовности. Они пользуются штатными средствами, которые имеются у них на вооружение.

На данный момент мы прорабатываем закупку многофункциональных судов, спасательных буксиров и так далее. Есть планы по развитию.

Естественно, мы действуем совместно по указанию КЧС. Сейчас КЧС разрабатывает законодательную базу по созданию навигационного, координационного центра по спасанию и соглашение с прикаспийскими государствами по поиску и спасанию на море.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақтар бар ма?

ОРНЫНАН. (МИКРОФОНҒА ЕМЕС).

ЖАНАЕВ М.И. Кроме России. Мы до этого получали, начиная с 90-х годов, при создании военно-морских сил, а также Погранслужбы, из Турции, Южной Кореи, Германии, ряд катеров - из США. Сейчас поставка в основном...

У нас 4 ракетно-тилерских корабля, которые закупили на заводе «Зенит», минно-тральный корабль Российской Федерации, все остальное произведено в Казахстане. Основной процент корабельного состава, конечно, казахстанского производства сейчас у нас. Мы планируем закупать более современные мощные корабли, сейчас рассматривается российский проект.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ па?

МҰСАБАЕВ Т.А. Был случай, по-моему, семь катеров затопили. Расскажите про это.

ЖАНАЕВ М.И. Военно-морские силы ничего не затопляли. Вы имеете в виду случай, который был в 90-х годах? Это было при Министерстве чрезвычайных ситуаций. Им подарили иностранные инвесторы несколько катеров. Они должны были их перегнать из Баутино в Атырау, не прислушались к метеосводке, вышли в море. Экипаж был неподготовленным, и катера потерпели кораблекрушение. Но это было по линии МЧС. Пограничники и военно-морские силы здесь ни при чем.

ТӨРАҒА. Да, мы тоже помним это.

Коллеги, еще вопросы будут?

ОРНЫНАН. Нет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа сұрақ болмаса, сөзді комитет мүшесі Қожамжаров Қайрат Пернешұлына береміз.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Құрметті төраға, құрметті әріптестер! Біздің баяндамашы осы заң жобасының мазмұнын айқындап ашып берді. Менің қосарым, әрине, бұл заң жобасы еліміз үшін керек, еліміздің әскери күштеріне оң ықпалын тигізеді.

Қосарым, жаңа баяндамашы айтып өткендей, ондағы қойылатын қару мен қару-жарақ және әскери техника Ресей Федерациясының әскери күштеріне арналған бағамен және сол сипатта болады. Бұл бірінші.

Екінші. Тағы да бір маңызды айтып өтетін жағдай, ішкі ресми келісушілік бойынша экспортты шығару бойынша мерзімі бір жылдан екі айға шейін қысқарады. Сонымен қатар екі тараптың да уәкілетті органдары

анықталып, олар өзара жедел және бірге қызмет жасауға бүкіл жағдай жасалып жатыр.

Жұмыс отырысында заң жобасы жан-жақты талқыланды. Басқа да комитеттерден оң баға мен қолдау тапты. Сол себепті, құрметті әріптестер, бұл заң жобасын осы Сенаттың отырысына енгізу туралы ұсыныс жасаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, ұсынысты қолдаймыз ғой?

ОРНЫНАН. Иә.

ТӨРАҒА. Қолдаймыз. Шешім қабылданды. Заң жобасы бойынша комитет атынан қолдау үшін, бұл саланы Талғат Амангелдіұлынан артық білетін адам жоқ, сол кісіге тапсырайық. 30 сәуірде өтетін Сенат отырысында қаралатын болады.

Рақмет, Бақыт Жанұзақұлы. Сіздің жұмысыңызға табыс тілейміз! Дебют у Вас состоялся. Енді жиі келіп тұратын боласыз.

Шақырылған қонақтарға рақмет.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы

М. Құл-Мұхаммед

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

С. Теңбаев

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы

И. Шыныбаева